



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY

Бекітемін / Утверждаю

Академиялық кеңестің


« 10 » 06 2024 ж.

шешімі

Қаттама № 14

Академиялық кеңес төрағасы

— Ә.А. Арын



Құжаттың түрі:

Ереже

Коды:

Е-QAO-02

Құжаттың атауы

Профессорлық-оқытушылар құрамының оқыту сапасын бағалау туралы Ереже

Редакция:

Quality assurance office

Процестің иесі

Процесс:

Қайта қарау мерзімі:

3 жыл

Қолданысқа енгізілген күні:

10. 06 2024 ж.

Күшін жою күні:

20 ж.

Қайта қарау күні

20 ж.

Күшін жоюдың негіздемесі:

(қолы)

	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
Әзірленді	Quality assurance office Директоры	Р.Е. Кудайбергенова		07.06.24
	Quality assurance office жетекші менеджері	Л.Р. Еспергенова		07.06.24

Осы құжат «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ қызметкерлерінің ішкі қолдануына арналған. Құжатты сыртқы мүдделі тараптарға беру Ректордың рұқсатымен жазбаша сұрау салу бойынша жүзеге асырылады



Мазмұны:

1.	Жалпы ережелер	
2.	Мақсаттары мен міндеттері	
3.	Оқыту сапасын бағалау жөніндегі жұмыс тобының қызметін жүзеге асыру тәртібі	
4.	Сабақтарға қатысу және оқыту сапасын бағалау тәртібі	
5.	1-қосымша	
6.	2-қосымша	
7.	3-қосымша	
8.	4-қосымша	

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 3 беті
--	----------	--	------------	------------------

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже нормативтік құжат болып табылады, оның негізінде «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ профессорлық-оқытушылық құрамының оқыту сапасын мониторингілеу және бағалау рәсімі, өлшемдері мен құралдары айқындалады.

1.2. Ереже 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 - III «ҚР Білім туралы» Заңында және 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV ҚРЗ «Ғылым туралы» ҚР Заңында жазылған талаптар мен қағидаттарды ескере отырып әзірленді.

1.3. Оқыту сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат университеттің стратегиялық менеджментінің бір бөлігі бола отырып білім беру процесін, ғылыми-зерттеу қызметін тұрақты жетілдіруге, инновациялық жобаларды іске асыруға бағытталады.

1.4. Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттың негізгі қағидаттары:

- білім беру барлық деңгейлерінде (бакалавриат, магистратура, докторантура) білім беру процесі сапасын үздіксіз жақсарту;
- іргелі және қолданбалы зерттеулердің жаңа нәтижелерін пайдалану, білім мен технологиялар трансферті;
- студенттерге бағытталған, олардың таланттарын ашуға, сапаны қамтамасыз ету процестеріне белсенді қатысуына ықпал ететін білім беру ортасын құру;
- қызмет нәтижелерінің сапасын қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді ынталандыруға және жауапкершілігін арттыруға бағытталған жағдайлар жасау;
- сапа мен сапа мәдениетін ішкі қамтамасыз ету процестерін жетілдіру;

1.5. Профессорлық-оқытушылық құрамның оқыту сапасын бағалау және оның нәтижесі бағалаушы тарап пен оқытушы арасындағы тең диалогтың арқасында қалыптасады.

1.6. Оқыту сапасын бағалауды Quality assurance office арнайы дағдылары мен құзыреттері бар Жұмыс тобымен бірге (бұдан әрі - Жұмыс тобы) жүзеге асырады.

1.7. Жұмыс тобының төрағасы ретінде Quality assurance office директоры немесе жетекші менеджері тағайындалады.

1.8. Жұмыс тобы жұмыс берушілер; Адами ресурстарды басқару қызметкері; орталықтар мен мектептердің декандары/директорлары; академиялық декандар; программ-лидерлер; тәжірибелі оқытушылар; түлектер қатарынан құралады. Жұмыс тобының құрамындағы оқытушылардың кемінде 3 жыл педагогикалық жұмыс өтілі болуы және/немесе өткен жылдарда сабаққа қатысу нәтижелері бойынша жоғары бағалануы (8 және одан жоғары балл) тиіс. Жұмыс тобының құрамын жауапты проректор бекітеді, сонымен қатар, Quality assurance office ұсынысы бойынша қайта қаралуы, өзгертілуі және/немесе толықтырылуы мүмкін.

1.9. Оқыту сапасын бағалау жұмысы оқу жылы ішінде жүзеге асырылады.

2. Мақсаттары мен міндеттері

Қағаз нұсқадағы құжат өзектілігін қолданар алдында электрондық құжат айналымы жүйесіндегі редакциямен салыстыру керек

2.1. Оқыту сапасын бағалаудың мақсаты:

- «Алматы Менеджмент Университеті» ББМ оқытушыларының сабақ өткізу барысын объективті және ашық бағалау;
- оқыту сапасын қамтамасыз етудің тиімді бастамалары мен инновациялық тетіктерін анықтау;
- университетте оқыту сапасының жағдайы туралы объективті ақпарат дайындау;
- оқу процесінің тиімділігін арттыру.

2.2. Оқыту сапасын бағалаудың негізгі міндеттері:

- оқыту сапасын арттыру бойынша оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету;
- оқыту деңгейін арттыру мақсатында арнайы әдістемелік семинарлар өткізу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- оқытудың жоғары сапасына қол жеткізу бойынша озық жұмыс тәжірибесін анықтау және тарату;
- студенттер мен магистранттардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға жәрдемдесу;
- жұмыс берушілердің оқыту сапасын сырттай бағалауы;
- білім алушылардың білімін бағалау кезінде объективтілікті қамтамасыз ету;
- өлшеуге болатын білім беру нәтижелерінің сәйкестік дәрежесін, оларды нормативтік құжаттарда белгіленген білім беру сапасына қойылатын талаптар жүйесімен қамтамасыз ету шарттарын анықтау;
- оқу пәні деңгейінде білім беру нәтижелерінің сапасын, дәрістердің, практикумдардың, емтиханның (немесе сынақтың) сапасын анықтау;
- білім беру процесін ұйымдастыру сапасын анықтау (оқыту технологиялары, формалары, әдістері);
- ресурстық қамтамасыз ету сапасын анықтау (материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету);
- жеке оқытушының оқыту сапасы арқылы студенттердің қажеттіліктері мен оқытушының қажеттіліктері және мүмкіндіктерінің қаншалықты сәйкес келетінін анықтау;
- оқытушының лекторлық шеберлік дағдыларын мамандарды даярлау сапасын арттырудың маңызды құрылымдық құраушысы ретінде анықтау;
- университетте оқыту сапасын арттыруға әсер ететін факторларды анықтау;
- жұмыс тобы қызметінің нәтижелері бойынша профессор-оқытушылар құрамын ақпараттандыру.

3. Оқыту сапасын бағалау жөніндегі жұмыс тобының қызметін жүзеге асыру тәртібі

3.1. Жұмыс тобының қызметі арнайы жұмыс жоспарына және сабаққа қатысу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады (1-қосымша). Сабаққа қатысу кестесі семестрге (Excel кестесі форматында) жасалады және оны Quality assurance office директоры

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 5 беті
--	----------	--	------------	------------------

бекітеді. Семестр ішінде қажет болған жағдайда, сабаққа қатысу кестесіне түзетулер енгізілуі мүмкін.

3.2. Оқыту сапасын бағалауға қатысу профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік басқару қызметкерлерінің функционалдық міндеттеріне (KPI) кіреді.

3.2.1. Профессорлық-оқытушылар құрамының оқыту сапасын бағалау шеңберінде сабақтарға белсенді қатысу жұмыс тобы құрамындағы оқытушылар мен қызметкерлердің атқарған жұмысының нәтижелілігінің өлшемі болып табылады.

3.2.2. Сандық көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жұмыс тобының құрамындағы оқытушылар мен қызметкерлер әр семестрде кемінде 7 рет бағалау тобының құрамына қатысуы керек. Жалпы оқуы жылында әрбір жұмыс тобы мүшесі 14 сабаққа қатысуы тиіс.

3.3. Жұмыс тобының әрбір мүшесі сабаққа қатысу нәтижелері бойынша арнайы «Оқыту сапасы туралы қорытындыны» толтырады (2-қосымша) және оны сабаққа қатысқаннан кейін жұмыс тобының төрағасына ұсынады.

3.4. Сабаққа қатысу кезінде келесі аспектілер бағаланады:

- силлабустың талапқа сәйкестігі;
- силлабус жоспарын ұстану;
- силлабуста жарияланған тақырыптарға сабақ мазмұнының сәйкестігі;
- сабақ шеңберінде материалды берудің логикасы мен құрылымдылығы;
- оқытудың әртүрлі әдістері мен формаларын қолдану;
- білім алушыларды оқыту процесіне тарту үшін әдістемені тиімді қолдану;
- сабақ уақытын тиімді пайдалану;
- нақты пәндерді оқыту үшін қолданылатын әдістеменің дұрыстығы;
- оқытушының аудиторияның материалға деген қызығушылығын сақтау қабілеті.

3.5. Төраға жұмыс тобының мүшелері ұсынған қорытындылардың негізінде жалпы қорытынды шығарады және оқыту сапасын бағалау хаттамасын дайындайды (3-қосымша). Хаттаманың көшірмесі үш күн ішінде деканға, мектептің/орталықтың академиялық деканына және оқытушыға беріледі.

3.6. Жұмыс тобының төрағасы келесі пункттер бойынша жауапты:

- жұмыс тобына жүктелген міндеттер мен функцияларды уақтылы және сапалы орындау;
- сабаққа қатысу нәтижелері бойынша оқыту сапасы бойынша ақпараттың дұрыстығы мен құпиялылығы (хаттаманың көшірмесі тек мектептің академиялық деканына және оқытушыға беріледі);
- сабаққа қатысу нәтижелері бойынша оқыту сапасын бағалау хаттамалары мен қорытындыларының сақталуы мен құпиялылығы;
- оқыту сапасын бағалау кезінде объективтілікті қамтамасыз ету.

3.7. Quality assurance office семестріне 1 рет атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

4. САБАҚҚА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ САПАСЫН БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ

Қағаз нұсқадағы құжат өзектілігін қолданар алдында электрондық құжат айналымы жүйесіндегі редакциямен салыстыру керек

- 4.1. Сабаққа қатысу бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.
- 4.2. Сабаққа қатысу туралы ақпарат сабақ басталғанға дейін кемінде бір күн бұрын оқытушының назарына жазбаша жеткізіледі.
- 4.3. Quality assurance office қызметкері пәннің ерекшелігін ескере отырып сабаққа қатысу үшін кемінде 3 адамнан тұратын жұмыс тобының құрамын (оның ішінде Quality assurance office қызметкері) айқындайды және жұмыс тобының төрағасына ұсынады. Сабаққа қатысудан үш күн бұрын ақпарат жұмыс тобы мүшелерінің назарына жеткізіледі. Жұмыс тобының мүшесі сабақ кестесі бойынша сабаққа қатыса алмаған жағдайда, ол Quality assurance office қызметкеріне сабақ басталардан кемінде үш сағат бұрын ескертуге міндетті.
- 4.4. Жұмыс тобының мүшелері сабақ барысында оқыту сапасын бағалаудың бірыңғай критерийлерімен "оқыту сапасы туралы қорытындысымен" қамтамасыз етіледі. Қорытынды объективті, жауапкершілікпен толтырылуы тиіс.
- 4.5. Жұмыс тобының әрбір мүшесі жұмыс тобының төрағасына «Оқыту сапасы туралы қорытындыны» ұсынады. Қорытындылардың негізінде Төраға құрамында келесі пункттер қамтамасыз етілген хаттама ресімдейді:
- жұмыс тобының мүшелері қойған бағаның орта арифметикалық мәні ретінде қорытынды бағаны белгілейді;
 - оқыту сапасын жақсарту бойынша жалпы ескертулер мен ұсыныстарды көрсетеді;
 - оқытушының жұмысын арттыруға бағытталған түзету шараларын ұсынады: оқытушыны біліктілікті арттыру курстарына жіберу, сабаққа қайта қатысуды тағайындау, оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізу қажеттілігі туралы шешім қабылдау, оқытушыны тәжірибелі оқытушымен ауыстыру және т.б.
- 4.6. Хаттамаға жұмыс тобының төрағасы қол қояды. Сабаққа қатысу нәтижелерін бір оқытушыны екіншісімен салыстыру құралы ретінде немесе әкімшілік қысым құралы ретінде қолдануға болмайды.
- 4.7. Оқыту сапасы туралы ақпарат құпия, онымен танысу үшін хаттаманың көшірмесі оқытушыға, деканға және мектептің/орталықтың академиялық деканына сабаққа қатысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде беріледі. Мектептің/орталықтың академиялық деканы екі апта мерзім ішінде оқыту сапасын бағалау жөніндегі жұмыс тобының ұсынымдарын іске асыру бойынша қабылданған шаралар туралы ақпаратты ұсынады (4-қосымша).
- 4.8. Сабаққа қатысу кезінде келесі талаптар сақталуы керек:
- сабақ басталғанға дейін оқытушы жұмыс тобына силлабусын немесе пәннің жұмыс оқу бағдарламасын электронды түрде ұсынады;
 - жұмыс тобының мүшелері тақырыптың сәйкестігін тексереді және одан әрі белгіленген нысандағы оқыту сапасын бағалау парағын толтырады;
 - жұмыс тобының мүшелері сабақтың басынан аяғына дейін толық құрамда болады;
 - жұмыс тобының мүшелері сабақ барысында оқыту процесіне қатыспайды және талқыламайды;

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 7 беті
--	----------	--	------------	------------------

- сабаққа қатысу нәтижелерін қосымша сұрақтар туындаған кезде оқытушының қатысуымен жұмыс тобының мүшелері талқылауына болады;

- сабақты өткізу сапасы туралы ақпарат құпия болып табылады және басқа әріптестер арасында талқылауға жатпайды.

4.9. Сабаққа жоспардан тыс қатысуға мектеп/орталық декандары мен академиялық декандары, программ-лидерлер ұсынысы, студенттердің шағымдары және т.б. өтінімдер бойынша ғана болады.

4.10. Оқыту сапасы туралы қорытынды арнайы форма бойынша толтырылады. Қорытынды формасына проректор және Quality assurance office директорының ұсынысы негізінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 8 беті
--	----------	---	------------	------------------

Профессорлық-оқытушылық құрамды
оқыту сапасын бағалау туралы
Ережеге 1-қосымша

ПОҚ сабақтарына қатысу кестесі

Неделя посещения №1 / Академическая неделя №2										
с по числа месяца года										
№	Дата посещения занятия	Время посещения занятия	ФИО преподавателя	Название дисциплины	Язык преподавания	Курс и название ОП	Аудитория	Посетившие	Оценка	Комментарии
1	ПОНЕДЕЛЬНИК									
2	ВТОРНИК									
3	СРЕДА									
4	ЧЕТВЕРГ									
5	ПЯТНИЦА									
6	СУББОТА									

Қағаз нұсқадағы құжат өзектілігін қолданар алдында электрондық құжат айналымы жүйесіндегі редакциямен салыстыру керек

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 9 беті
--	----------	---	------------	------------------

Профессорлық-оқытушылық құрамды
оқыту сапасын бағалау туралы
Ережеге 2-қосымша

Оқыту сапасы туралы қорытынды

Оқытушы:		Пән:	
Мектеп / Орталық:		Білім беру бағдарламасы:	
Курс:		Тілдер бөлімі:	
Тізім бойынша студенттер саны:		Сабаққа қатысушылардың саны:	
Күні:	Уақыт:	Аудитория:	
Сабақтың тақырыбы:			

Оқыту сапасын бағалау критерийлері: Әрбір өлшем бойынша баға 10 баллдық шкала бойынша қойылады:

- | | |
|-----------------------|-------------------------|
| 10 – үздік; | 5 - орташа; |
| 9 – өте жақсы; | 4 - қанағаттанарлық; |
| 8 – өте жақсы; | 3 - қанағаттанарлықсыз; |
| 7 – жақсы; | 2 - нашар; |
| 6 – орташадан жоғары; | 1 – төмен; |

• N/A – not applicable (егер критерий оқытушыға/сабаққа қолданылмаса, бағалаудың бұл түрін қолдануға болады).

№	Өлшем атауы	Бағалау:
1.	Оқытушы оқу-әдістемелік материалды еркін меңгерген	
2.	Оқытушының материалды баяндаудағы логикалық дұрыстығы, дәлелділігі, жүйелілігі және қолжетімділігі	
3.	Оқытушы теориялық материалды өзекті мысалдармен ұштастыра отырып, сабақ тақырыбының негізгі ұғымдарын ашты	
4.	Оқытушы оқу материалын кейстермен, жеке және топтық тапсырмалармен, пікірталас, жобаларды, сызбалардың, графиктердің иллюстрациясы шешімдерімен ұштастыра отырып оқу материалын ойдағыдай бекітті	
5.	Оқытудың әдістемелік әдістерінің сәтті үйлесімі (қолданылған педагогикалық оқыту құралдарының әртүрлілігі)	
6.	Сабақтың құрылымы мен мазмұны силлабуста көрсетілген нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді	
7.	Оқытушы студенттердің зейінін басқара алады, белсенді өзара әрекеттесу моделі, пікірді еркін білдіру, студенттің белсенділігін арттыру, сыни тұрғыдан ойлауды ынталандыру, өзара білім алмасу мақсатында түрлі әдістерді қолданды	

Қағаз нұсқадағы құжат өзектілігін қолданар алдында электрондық құжат айналымы жүйесіндегі редакциямен салыстыру керек

8.	Оқытушы студенттердің оқу материалын түсінгенін тиісті сұрақтар қою арқылы тексерді	
9.	Материал студенттердің қызығушылығын тудырды және силлабуста көрсетілген оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді	
10.	Эрудиция және сөйлеу мәдениеті (мұғалімнің сөзі дұрыс, дикциясы анық, мәнерлі, қажетті жазбаларды жасауға мүмкіндік береді)	
11.	Сабақтың мақсатына қол жеткізу үшін оқытуды ұйымдастыруда қолданылған формаларының тиімділігі (жеке, жұптық, топтық, фронтальді, пікірсайыстар және т.б.)	
12.	Жалпы курс бойынша және сабақ бойынша бағалау жүйесінің түсініктілігі, ашықтығы және өзектілігі	
13.	Оқытушы аудиториялық уақытты жақсы басқарды	
	Орта балл (барлық өлшем бойынша бағаның орта арифметикалық мәні)	

- Силлабуста көрсетілген сабақтың тақырыбы мен баяндалған материалдың сәйкес келуі сәйкестігі:

 Иә ☐

 Жоқ ☐

егер жоқ болса, сәйкессіздік себептері

- ОӘК рәсімдеу бойынша университеттің бірыңғай үлгісі қолданылды:

 Иә ☐

 Жоқ ☐

- Оқытушы қосымша ақпарат көздерін ұсынды (материалды өз бетінше меңгеруге бағытталған әдебиеттер тізімі).

 Иә ☐

 Жоқ ☐

- Оқытушы аудиторияны кері байланыспен қамтамасыз етті

 Иә ☐

 Жоқ ☐
Бағалау жөніндегі сарапшының қосымша түсініктемелері:

Ұсыныстар:

Жұмыс тобының мүшесінің аты-жөні: _____ қолы: _____

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 11 беті
--	----------	---	------------	----------------------

Профессорлық-оқытушылар
құрамының оқыту сапасын
бағалау туралы Ережеге 3-қосымша

Оқыту сапасын бағалау хаттамасы

Хаттама № _____	 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY Powered by Arizona State University	Протокол № _____
Күні _____		Дата _____
Алматы қаласы		г. Алматы

1. _____
Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, оқытушының лауазымы

сабағына қатысу бойынша жинақталған жұмыс тобының хаттамасы.

Жұмыс _____ тобының _____ мүшелері:

сабаққа қатысқан жұмыс тобы мүшелерінің аты-жөні

Қысқаша сипаттама:

Орта баға: _____

Қорытынды: _____

Ұсыныстар: _____

Жұмыс тобының төрағасы: _____
қолы _____ аты-жөні.

Қағаз нұсқадағы құжат өзектілігін қолданар алдында электрондық құжат айналымы жүйесіндегі
редакциямен салыстыру керек

 ALMA ALMATY MANAGEMENT UNIVERSITY	E-QAO-02	Профессорлық-оқытушылық құрамды оқыту сапасын бағалау туралы ереже	4-редакция	12 беттің 12 беті
--	----------	---	------------	----------------------

Профессорлық-оқытушылар
құрамының оқыту сапасын
бағалау туралы Ережеге 4-қосымша

Бекітемін
мектеп/Орталық
деканы _____
аты-жөні
« ____ » _____ 20__ ж.

**ПОҚ оқыту сапасын бағалау жөніндегі жұмыс тобының ұсыныстарын іске
асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№	Оқытушының аты-жөні, тегі	Түзету әрекеттері	Орындалу мерзімі	Орындалу ы туралы белгі

« _____ » Бағдарлама-көшбасшысы

_____ Т.А.Ө.

